

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес ұйымдардың мемлекеттік акциялар пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігіне және оның ведомстволарына берсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі осы қаулыдан туындаитын өзге де шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын Ереженің 15-тармағының (300) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2023 жылғы 4 қазандагы

№ 864 қаулысына

қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтары Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігіне және оның ведомстволарына берілетін занды тұлғалардың тізбесі

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыш министрлігі

Акционерлік қоғамдар:

"QazIndustry" қазақстандық индустрія және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

;

"Қазақстан инженеринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"Тараз химиялық паркі" арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы"
акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Өнеркәсіп
комитеті

Акционерлік қоғамдар:

"Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Казақстан энергия сараптама)" акционерлік қоғамы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер:

"АгроИнженерия ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Құрылым және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Акционерлік қоғамдар:

"Қазақ ғылыми-зерттеу және құрылым пен сәulet жобалау институты" акционерлік
қоғамы;

"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық
орталығы" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Геология
комитеті

Акционерлік қоғамдар:

"Ұлттық геологиялық қызмет" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2023 жылғы 4 қазандагы

№ 864 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі туралы ереже

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) индустрия және индустриялық даму; өнеркәсіп; тау-кен металлургия кешені; елішлік құндылықты дамыту; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өндіруден басқа), ағаш өндіреу және жиһаз өнеркәсібі; құрылым индустриясы және құрылым материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын реттеу; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бүйімдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың

жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту; сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Өнеркәсіп комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті;
- 3) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті;
- 4) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрлігінің Геология комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде атауы жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұған үәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, онда алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) өнеркәсіп; елшілік құндылықты дамыту; тау-кен metallurgia кешені; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жұнін өндідеуден басқа), ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі; құрылыш индустриясы және құрылыш материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымы; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту ; сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа); тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

2) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) реттелетін салаларда мемлекеттік басқару;

5) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау;

6) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенниң тиімді жүйесін құру;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын заманауи әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өніммен), әскери мақсаттағы жұмыстармен және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;

8) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін өнеркәсіптің азаматтық салаларында пайдалану;

9) мемлекетте қорғаныс қабілетін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті арттыру және нығайту мүдделерінде қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың заманауи түрлерін жасауды қамтамасыз ету;

10) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының экспорттық әлеуетін қолдау және одан әрі дамыту;

11) қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту және оларды одан әрі коммерцияландыру;

12) бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

13) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласында басшылық ету;

14) геология және минералдық-шикізат базасын молайту саласындағы заңнаманы жетілдіру;

15) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындауга міндетті құқықтық актілерді қабылдайды;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құрады;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға олар қабылдаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасады;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

2) міндептілігі:

өз құзыretі шегінде орындауға міндепті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

Министрліктің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер береді;

Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелейді, тәртіптік жазалар қолданады, материалдық жауаптылықта тартады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндептерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

- 1) реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;
- 2) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын реттелетін салаларда (аяларда) мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) экономиканың тиісті салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде бәсекелестікті дамыту және бәсекелестікке теріс ықпал ететін әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасамау жөнінде шаралар қабылдау;
- 4) реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 5) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына және тексеру парақтарына қатысты актілерді өзірлеу және бекіту;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- 7) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыretі шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

10) өз құзыреті шегінде реттелетін салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

11) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы үәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

12) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы үәкілетті органға жіберу;

3ҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 12-1) тармақшамен толықтыру қөзделген – ҚР Үкіметінің 16.08.2024 № 662 қаулысымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

13) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;

14) кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы үәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

15) үәкілетті орган бекіткен үлгілік ереже негізінде реттелетін салалардағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу және бекіту;

16) реттелетін салалардағы салалық біліктілік шенберлерін әзірлеу және (немесе) өзектілендіру;

17) реттелетін салалардағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру, бекіту;

18) құзыреті шегінде тауарларды таңбалау мен қадағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19) кәсіпкерлік жөніндегі үәкілетті орган айқындастын тәртіппен реттеушілік әсерді талдаудың алдын ала рәсімін жүргізу;

20) реттегіш құрал енгізілген немесе енгізілуі жоспарланып отырған жекелеген саладағы немесе мемлекеттік басқару саласындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді кәсіпкерлік жөніндегі үәкілетті органға ұсыну;

21) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

22) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар беру;

23) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін және өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу;

24) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестің құрамын әзірлеу және бекіту;

25) Қоғамдық кеңес құру;

26) Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарau;

27) Министрліктің өзге де жұмыс органдарының жұмысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуын келісу;

28) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамында Министрлік өкілдігінің дербес құрамын айқындау;

29) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын әзірлеу және бекіту;

30) Қоғамдық кеңестің құрамын әзірлеу және бекіту;

31) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

32) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын Қоғамдық кеңеске жіберу;

33) Қоғамдық кеңестің қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімдерін келісу;

34) Министрлік жұмысының нәтижелері туралы Қоғамдық кеңеске есеп беру;

35) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау, сондай-ақ арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және анықтау;

36) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

37) халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдармен, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктермен өз құзыretіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

38) шет мемлекеттермен және (немесе) халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу;

39) реттелетін салаларда кадрлар қажеттілігін айқындау;

40) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталға қатысу үлесіне) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

41) өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының салалық мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасау және олардың жұмысын үйлестіру;

42) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларының тиімділігі туралы ақпарат ұсыну;

43) Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің жай-күйі туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыру;

44) салааралық үйлестіру және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысу;

45) индустримальық дамуды бағалауды жүзеге асыру;

46) өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережені әзірлеу және Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне оның құрамын қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

- 47) бірыңғай индустрияландыру картасын әзірлеу және бекіту;
- 48) өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 49) бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобаларын мониторингтеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 50) өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыруға жаупты мемлекеттік органдармен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп бірыңғай индустрияландыру картасы бойынша жалпы үйлестіруді жүзеге асыру;
- 51) отандық өндөлген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 52) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін әзірлеу;
- 53) аумақтық кластерлердің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 54) аумақтық кластерлерді дамытуда өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 55) өнеркәсіптік гранттар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 56) бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 57) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 58) өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды әзірлеу және бекіту;
- 59) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді айқындау және қолдану жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 60) басым тауарлар тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 61) басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін тауарды өндеп жасау деңгейін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 62) өндеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 62-1) өндеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі үлгілік норма нысанын әзірлеу және бекіту;
- 63) өндеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі келісімдердің орындалуын мониторингтеу;

64) Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің ұлттық ақпараттық жүйесін жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

65) Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің ұлттық ақпараттық жүйесіне кіретін функционалдық және ақпараттық сервистердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

66) индустримальық дамуды бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

67) тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу елішлік құндылық мониторингіне жататын ұйымдардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

68) Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің жай-күйі туралы ұлттық баяндаманы әзірлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

69) Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып, өнеркәсіптік тауарлардың еуразиялық тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл жасау тәртібін әзірлеу және бекіту;

70) өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттарды жоспарлау және жасасу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

71) аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

72) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

73) өнеркәсіптің цифрлық трансформациясы және өнеркәсіп саласындағы қызмет субъектілерінің Индустрія 4.0-ді енгізуі жөніндегі саясатты іске асыруды үйлестіру;

74) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар базасын, өнеркәсіптегі кадр әлеуетін дамыту бойынша өзге мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

75) өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

76) бағалы металдарды өндіру, бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, зергерлік және басқа да бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

77) асыл тастарға, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалатын зергерлік және басқа да бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

78) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларына нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту;

79) қайта өндеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген бағалы металдардан және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларынан қайта өндеу өнімдерінің шығу нормаларын растау;

80) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.08.2024 № 662 қаулысымен;

81) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.08.2024 № 662 қаулысымен;

82) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

83) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесіндегі бағалы металдарды өндіру субъектілерінен бағалы металдар мен құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өндеуден және (немесе) аффинаждаудан бас тартуды немесе уәкілетті органның осындаій бас тартудың болуы туралы растамасын алу тәртібін айқындау;

84) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

85) сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу нысаны мен тәртібін айқындау;

86) түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды белгілеу;

87) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде жекелеген тауарларды әкетуге тыйым салу мен сандық шектеулер енгізу;

88) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде квоталарды бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

89) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында жекелеген тауарларды әкетуге сандық шектеулерді (квоталарды) бөлуді жүзеге асыру;

90) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде квоталардың мөлшерін және олардың қолданылу мерзімін айқындау;

91) әкетуге сандық шектеулер енгізілген жекелеген тауар түрлерінің экспортына лицензия беру қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

92) өз құзыреті шегінде сандық шектеулер (квоталар) енгізілген кезде жекелеген тауар түрлерінің экспортына лицензиялар беру;

93) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде тауарлардың нысаналы мақсатын раставу тәртібін және нысанын айқындау;

94) өз құзыреті шегінде тауарлардың нысаналы мақсатын раставуды жүзеге асыру;

95) түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынығы мен қалдықтары туралы есептілігінің нысанын және оны ұсыну мерзімдерін айқындау;

96) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтер мен оларды берушілердің дереккөрын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

97) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері ұсынатын тиісті мамандарға деген қажеттілік туралы мәліметтер негізінде экономиканың басым секторлары үшін

мамандар даярлау талап етілетін мамандықтардың тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды қалыптастыру;

98) өндегеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын дуальды оқытуды ұйымдастыру процесіне тартуға, оның ішінде дуальды оқыту туралы үшжақты шарттар жасасуға жәрдемдесу;

99) елішілік құндылықты дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, сервистік қолдау көрсету және отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну;

100) елішілік құндылықты дамыту саласындағы ұлттық даму институтымен жасалатын шарт негізінде отандық өнделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсетуге қаражат бөлу;

101) өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну;

102) өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, аумақтық кластерлерді дамытуда өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну;

103) өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, өнеркәсіптік гранттар беру;

104) елішілік құндылық бойынша сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

105) ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесін әзірлеу және бекіту;

106) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау бойынша ұсыныстар беру ;

107) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту немесе келісу;

108) құзыреті шенберінде Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруды қамтамасыз ету;

109) жер участеклері меншікке өтеусіз негізде берілетін отандық өнеркәсіптік кәсіпорындар тізбесіне енгізу үшін отандық өнеркәсіптік кәсіпорындарды іріктеу өлшемшарттарын әзірлеу;

110) жер участеклері меншікке өтеусіз негізде берілетін отандық өнеркәсіптік кәсіпорындар тізбесін әзірлеу;

111) ұйымдар мен мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді

сатып алуда кезінде елшілік құндылықтың үлесін ұлғайту жөнінде шаралар тұжырымдау және мемлекеттік саясатты іске асыру;

112) мемлекеттік органдардың елшілік құндылық мәселелері бойынша қызметін үйлестіру және әдіснамалық қамтамасыз ету;

113) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жер қойнауын пайдаланушылармен кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімдер жасасу;

114) көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу қағидаларын, кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімнің үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

115) мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындау;

116) үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бір бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу;

117) құрылым материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу;

118) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтын айқындау;

119) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдар тізбесін әзірлеу және бекіту;

120) энергия тұтыну нормативтерін, мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін әзірлеу және бекіту;

121) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметін бағалау тетігін әзірлеу және бекіту;

122) көліктің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу;

123) жабдықтардың, оның ішінде электр жабдығының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу;

124) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлігі құралдарын (Еуразиялық экономикалық одактың техникалық регламентінде белгіленген экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарын, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндіруді ынталандыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

125) үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарастырылады және бекіту;

- 126) энергетикалық аудит жүргізу тәртібін өзірлеу және бекіту;
- 127) үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың жобалау (жобалау-сметалық) күжаттамасына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарды өзірлеу және бекіту;
- 128) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанын өзірлеу және бекіту;
- 129) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды өзірлеу және бекіту;
- 130) оқу орталықтарының қызмет тәртібін айқындау;
- 131) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудиторының аттестатын беру үшін қажетті рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін өзірлеу және бекіту;
- 132) энергия аудиторларына кандидаттарды аттестаттауды жүргізу тәртібін айқындау;
- 133) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудиторы аттестатының нысанын өзірлеу және бекіту;
- 134) үйлерді, құрылыштарды, ғимараттарды энергия тиімділігі бойынша таңбалау нысанын өзірлеу және бекіту;
- 135) энергия тиімділігі картасын қалыптастыру және жүргізу, энергия тиімділігі картасына жобаларды іріктеу және енгізу тәртібін айқындау;
- 136) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыларға талдау жүргізу тәртібін айқындау;
- 137) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын өзірлеу және бекіту;
- 138) орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерінің нысанын өзірлеу және оларды ұсыну мерзімдерін бекіту;
- 139) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлгілік келісімді өзірлеу және бекіту;
- 140) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен және энергетикалық ресурстарды жылына бір жүз мың және одан көп тонна шартты отын көлемінде тұтынатын мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісімен ерікті негізде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында келісім жасасу;
- 141) энергия-сервистік шарттың ұлгілік нысандарын өзірлеу және бекіту;
- 142) энергия тұтыну нормативтерін есептеу әдістемесін өзірлеу және бекіту;
- 143) мемлекеттік мекемелердің энергия тұтыну мониторингі қағидаларын өзірлеу және бекіту;

144) энергетикалық ресурстарды жылына елу мың және одан көп тонна шартты отынға балама көлемде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері үшін энергия тиімділігі бойынша нысаналы индикаторларды белгілеу;

145) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бағалау жүргізу;

146) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

147) мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі бойынша талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

148) мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу;

149) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингін жүргізу;

150) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларымен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасудың тәртібін, шарттарын және үлгілі нысанын айқындау;

151) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен үлгілік нысандарға сәйкес көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім, ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім, көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу;

152) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) және көлік құралдарының (көлік құралдары шасси), өздігінен жүретін машиналар мен техникалардың басқа тұрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) электрондық түрде ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдары шасси), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да тұрлерін дайындаушы ұйымдардың бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерін қалыптастыру және жүргізу;

153) мұдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдарының) және көлік құралдарының (көлік құралдарының шасси), өздігінен жүретін машиналар мен техникалардың басқа да тұрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын)

ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдарының шасси), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерін дайындаушы ұйымдардың бірынғай тізілімінің ұлттық бөліктерінде қамтылған мәліметтерді ұсыну;

154) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімді жасасу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ өзгерту және бұзу үшін негіздер мен оның ұлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

155) электрондық паспорттар жүйесінің ұлттық операторын (ұлттық әкімшісін) айқындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс беру;

156) көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің паспорттарын ресімдеу, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу жөніндегі өкілеттіктерді ұйымдарға беру немесе оларды беруден бас тарту туралы қорытынды беру тәртібі мен шарттарын айқындау;

157) көлік құралы паспортының (көлік құралдары шассиінің паспортын), өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлері паспортының қорғау элементтеріне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

157-1) көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

158) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ оны өзгерту және бұзу үшін негіздер мен оның ұлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

159) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ оны өзгерту және бұзу үшін негіздер мен оның ұлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

160) өндірушісінен сатып алынған көлік құралдарын және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасын, тұрмыстық аспаптарды және (немесе) тұрмыстық электроника аспаптарын өткізу кезінде қосылған құн салығынан босатуды қолданатын уәкілетті өкілдердің тізілімін және оның нысанын әзірлеу және бекіту;

161) өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын тұрмыстық аспаптардың және (немесе) тұрмыстық электроника аспаптарының, сондай-ақ олардың құрамдастарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

162) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импорттын лицензиялау қағидаларын және біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

163) Қазақстан Республикасы түпкілікті пайдаланушысының сертификатын, Қазақстан Республикасының халықаралық импорттық сертификатын ресімдеу және беру қағидалары мен біліктілік талаптарын өзірлеу және бекіту;

164) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру қағидаларын және біліктілік талаптарын өзірлеу және бекіту;

165) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың фирмашілік жүйесін құру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды өзірлеу және бекіту;

166) эксаунақтық кері экспортқа рұқсат беру қағидаларын және біліктілік талаптарын өзірлеу және бекіту;

167) импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ кепілдік міндеттемелер беріле отырып импортталған тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға беруге рұқсат беру қағидаларын және біліктілік талаптарын өзірлеу және бекіту;

168) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, эксаунақтық кері экспортты жүзеге асыру, эксаунақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсету кезінде тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарын, оларды қолдану тәртібін өзірлеу және бекіту;

169) эксаунақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттар беру қағидаларын және біліктілік талаптарын, уәкілетті органның эксаунақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын хабардар ету және олардың тізімін жүргізу тәртібін өзірлеу және бекіту;

170) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіруді жүргізу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

171) өзіндік ерекшелігі бар тауарлармен жасалатын сыртқы экономикалық мәмілелердің есебін жүргізу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

172) бәрін қамтитын бақылау өлшемшарттарын өзірлеу және бекіту;

173) "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, кері экспорттын, импорттын, транзитін, эксаунақтық кері экспортты, эксаунақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді бақылауды жүзеге асыру;

174) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

175) бақылау тізімін бекіту;

176) уәкілетті органның өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібін өзірлеу;

177) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

178) мыналарды:

өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия (өзіндік ерекшелігі бар тауарлар экспортына лицензия, қосарланған мақсаттағы тауарлар немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар экспортына жалпы лицензия, өзіндік ерекшелігі бар тауарлар импорттына лицензия);

өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат;

ексаумендік делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат;

ексаумендік реэкспортқа рұқсат;

импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ кепілдік міндеттемелер беріле отырып импортталған тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға беруге рұқсат;

Қазақстан Республикасы түпкілікті пайдаланушысының сертификатын;

Қазақстан Республикасының халықаралық импорттық сертификатын;

өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру туралы қорытынды беруді жүзеге асыру;

179) экспорттың делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының тізімін жүргізу;

180) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы рұқсаттардың қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату;

181) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, экспорттың көрі экспортты жүзеге асыру, экспорттың делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсету кезінде тәуекелдерді бағалауды жүргізу;

182) химиялық өнімнің жекелеген тұрларін есепке алу тәртібін әзірлеу және бекіту;

183) химиялық өнімді тіркеу және есепке алу тәртібін әзірлеу және бекіту;

184) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тауарлардың экспорттына және (немесе) импорттына айрықша лицензия беруді жүзеге асыру;

184-1) отандық шикізат тауарларының тізбесін әзірлеу және бекіту;

184-2) отандық шикізат тауарлары тізбесіне енгізілген отандық шикізатты Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге лицензиялар беру;

185) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тауарлардың экспорттына және (немесе) импорттына айрықша лицензия беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

186) арнайы экономикалық және индустримальық аймақтардың басқарушы компаниясының есептілікті ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

187) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде басым қызмет тұрларінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

188) респубикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешімді келісу;

189) арнайы экономикалық аймақтардың, респубикалық және өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі үлгілік шарттарды әзірлеу және бекіту;

190) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде тіркеуге арналған өтініш пен сауалнаманың нысанын әзірлеу және бекіту;

191) респубикалық және өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ережелерді әзірлеу және бекіту;

192) арнайы комиссия құру, ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

193) сарапшылық кеңес құру, ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

194) тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін күеландыратын күәлікті беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

195) арнайы экономикалық аймақтарға қатысушылардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

196) индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

197) шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

198) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушылары арасында жер учаскелерін бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

199) арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушысы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

200) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласында мемлекеттік органдар мен арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

201) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы ұсыныстар енгізу;

202) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес арнайы экономикалық аймақ қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу;

203) жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы талдамалық ақпарат беру;

204) арнайы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзы тәртібін, шарттарын әзірлеу және бекіту;

205) үлгілік арнайы инвестициялық келісімшартты әзірлеу және бекіту;

206) кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп арнайы инвестиялық келісімшарттарды іске асыру шенберінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағына әкелінген тауарларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету бойынша шектеулермен ұштасқан кедендей әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер қолданылатын, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендей рәсімімен орналастырылған, шартты түрде шығарылған тауарлардың нысаналы пайдаланылуын тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

207) қызметті жүзеге асыру туралы ұлгі шарттарды әзірлеу және бекіту;

208) арнайы экономикалық немесе индустримальық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер участекерін уақытша пайдаланудың (жалдаудың) ұлгілік шарттарын әзірлеу және бекіту;

209) арнайы экономикалық немесе индустримальық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участекерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) ұлгілік шарттарын әзірлеу және бекіту;

210) арнайы экономикалық немесе индустримальық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер участекерін уақытша кейінгі пайдаланудың (косалқы жалдаудың) ұлгілік шарттарын әзірлеу және бекіту;

211) арнайы экономикалық немесе индустримальық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участекерін кейінгі жер пайдаланудың (косалқы жалдаудың) ұлгілік шарттарын әзірлеу және бекіту;

212) арнайы экономикалық және индустримальық аймақтарды құру тұжырымдамаларына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

213) жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

214) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық және индустримальық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

215) арнайы экономикалық немесе индустримальық аймаққа қатысуышының қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындаған турали актінің нысанын әзірлеу және бекіту;

216) тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған құжаттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

217) арнайы экономикалық аймақтардың және мемлекеттік индустримальық аймақтардың басқарушы компанияларын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ көрсетілген адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

218) тауарларды таңбалау мен қадағалау саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша

тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін айқындау;

219) өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды қоса қаржыландыруды қоса алғанда, мемлекеттік бюджет қаражаты шеңберінде қаржыландыру, лизингтік қаржыландыру шарттары мен тетіктерін айқындау;

220) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және (немесе) өткізілетін, үәкілетті ұйымдарда міндетті сынамалануға және таңбалануға жатпайтын зергерлік және басқа да buquerqueмдарды айқындау;

221) бекітілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу;

222) бекітілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына компоненттерді өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу;

223) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімін бекіту;

224) басымды ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

225) басымды ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының тізбесін бекіту;

226) бірынғай үйлестіру орталығын айқындау;

227) өнірлік үйлестіру кеңесінің үлгілік функцияларын айқындау;

228) құрылудына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын республикалық маңызы бар индустримальық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты келісу;

229) оларға қатысты халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын жобаларды іріктеу қағидаларын бекіту;

230) құрылудына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты келісу;

231) Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы мұліктің жекелеген түрлері туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық үәкілетті органмен және тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті өкілді немесе атқарушы органдарымен келісу бойынша жалпы пайдаланудағы мұлікті пайдалану қағидаларын бекіту;

232) энергия аудиторларына арналған кәсіби стандартты әзірлеу және бекіту;

233) атаулы таңбаны үәкілетті ұйымда міндетті тіркеу және тіркелген атаулы таңбалар туралы мәліметтерді үәкілетті органға ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

234) аффинаждауға дейінгі минералды шикізатқа және (немесе) өндөлмеген бағалы тастарға меншік құқығының өтуіне, сондай-ақ оларды кепіл ретінде пайдалануға байланысты мәліметтерді есепке алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

235) ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді сатып алудағы елішлік құндылық бойынша ақпарат беру нысандарын әзірлеу және бекіту;

236) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) кепілін мемлекеттік тіркеу;

237) жер қойнауын пайдалану құқығының кепілін (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) тіркеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

238) уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жою қорын пайдалануға рұқсат беру;

239) берілген жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар және жасалған келісімшарттар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

240) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерін орындау кепілінің үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

241) мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуді ұсыну және есепке алу тәртібін әзірлеу және бекіту;

242) банктік салымның кепіл шартын жасасу тәртібін және оның үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

243) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру шартының үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

244) пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру және тоқтату;

245) өтініш берушіге пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберу;

246) уранды барлау және өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу;

247) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының құрамын және ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

248) жер қойнауын пайдаланушыны бақылаудың өзгеруі туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

249) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

250) уранды барлау мен өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлауға және өндіруге арналған келісімшарттарды жасау, мемлекеттік тіркеуді және сақтауды жүзеге асыру;

251) келісімшарттарды мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізу;

252) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беруге (қайта ресімдеуге, ұзартуға) арналған өтініштің нысанын әзірлеу және бекіту;

253) көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп жер қойнауы ресурстарына залалды экономикалық бағалау әдіstemесін әзірлеу және бекіту;

254) пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

255) пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияларды беруге өтініштер беру және қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

256) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия нысанын әзірлеу және бекіту;

257) ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, хабарлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

258) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

259) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасалған келісімшарттар мен жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар талаптарының орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

260) бір блок үшін қамтамасыз ету мөлшерін айқындау әдіstemесін әзірлеу және бекіту;

261) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе лицензияның шарттарын орындағаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіру;

262) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар шарттарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

263) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерді орындаудын мониторингтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

264) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар талаптарын сақтауына бақылауды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерді орындаудына мониторингті жүзеге асыру;

265) жұмыс бағдарламасының мазмұны мен нысанын әзірлеу және бекіту;

266) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобы туралы ережені әзірлеу және оның құрамын бекіту;

267) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп жер қойнауын пайдаланушының алдыңғы жылы өндіруге арналған шығыстарының бір пайзы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

268) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есептерді ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

269) Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамасы стандартын іске асыру бойынша есептіліктің нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

270) тау-кен жұмыстары жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

271) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты және жоюдың болжамды құнын есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

272) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша зерттеу нәтижелері мен жұмыстарды қабылдау тәртібін әзірлеу және бекіту;

273) қамтамасыз етуді берген адамға қамтамасыз ету сомасының азайтылғаны туралы хабарлама жіберу;

274) ұстап тұру мәртебесі бойынша жұмыстар бағдарламасын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

275) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп пайдалы қатты қазбаларды барлау жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

276) кен іздеушілік жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

277) жер қойнауын пайдаланушылардың пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

278) пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісімді жасасуға арналған өтініш нысанын және қайта өндеу жобасының бизнес-жоспарын жасау талаптарын әзірлеу және бекіту;

279) басымдылығы бірдей өтініш берушілер арасында аукцион өткізу мерзімдері мен қағидаларын әзірлеу және бекіту;

280) пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісімді жасасу жөніндегі жұмыс тобының құрамын және ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

281) шетелдік валютадағы ең төмен жеке кредиттік рейтинг бойынша шарттарды әзірлеу және бекіту;

282) жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне ауысу қағидаларын, жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне ауысу жөніндегі комиссияның жұмыс қағидаларын әзірлеу және бекіту;

283) кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарau қағидаларын әзірлеу және бекіту;

284) пайдалы қатты қазбаларға қатысты электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үйлестіру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

285) жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

286) ең төменгі рейтингтік бағаны айқындау;

287) жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

288) пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

289) аукцион өткізу тәртібін және оның қорытындысы бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге лицензия беру тәртібін айқындау;

290) аукцион өткізу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамын әзірлеу және бекіту;

291) Қазақстан Республикасының атынан пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім жасасу;

292) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім жобасына құқықтық және экономикалық сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру;

293) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беру, қайта ресімдеу, кері қайтарып алу;

294) ұстап тұру мәртебесі жөніндегі жұмыс бағдарламасын келісу;

295) аукцион өткізу туралы шешім қабылдау және жер қойнауын пайдалану құқығы аукционға шығарылатын жер қойнауы учаскесінің шекараларын айқындау;

296) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы ұсынымдарының негізінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа

өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бас тарту немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде келіссөздердің бастау туралы шешім шығару;

297) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия немесе өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестін) ауысуына, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру;

298) мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру тәртібін айқындау;

299) жер қойнауын пайдалануға арналған модельдік келісімшарттардың ережелерін әзірлеу және бекіту;

Ескерту. 300) тармақша осы қаулының 4-т. сәйкес 01.01.2026 дейін қолданыста болады.

300) мемлекет меншігіндегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды салу (реконструкциялау) және жөндеу, сондай-ақ гидроқұрылымдарды және гидротехникалық құрылымдарды реконструкциялау және жөндеу үшін пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібін айқындау;

301) барлау участкесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру;

302) уранды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операциялардың жүргізуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

303) пайдалы қазбалар жатқан аумақтарды салуға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

304) геологиялық барлау кезеңділігі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

305) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

306) мемлекеттің меншігіндегі, сондай-ақ иелігіндегі және пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйелеу, корыту және ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

307) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындастын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпаратты және оның жеткізгіштерін жер қойнауын пайдаланушылардың сақтау және есепке алу тәртібін әзірлеу және бекіту;

308) жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензиялар беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

309) жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

310) жер қойнауын сараптау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

311) геологиялық есептің нысандарын әзірлеу және бекіту;

312) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені және оның құрамын әзірлеу және бекіту;

313) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

314) тиісті координаталары мен жеке кодтары бар блоктарды сәйкестендіру карталарын әзірлеу және бекіту;

315) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындау;

316) жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі есептердің нысанын әзірлеу және бекіту;

317) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу және пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу жөніндегі ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

318) геологиялық есепке мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібін айқындау;

319) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ оларға жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;

320) жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия алуға өтініш нысандарын әзірлеу және бекіту;

321) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт пен баға нормаларын әзірлеу және бекіту;

322) өтініш берушіге жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия беру;

323) мемлекеттің меншігіндегі, сондай-ақ иелігіндегі және пайдалануындағы геологиялық ақпаратты ескеру, сактау, жүйелеу, жинақтап қорыту және ұсыну;

324) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияның және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның шарттарын сактауына бақылауды жүзеге асыру;

325) жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізу қағидаларын, жер қойнауын сараптау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені әзірлеу;

326) кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, геологиялық және тау-кендік бөлулерді беру;

327) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

328) пайдалануға берілетін жер қойнауы участеклерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

329) геологиялық есепке мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

- 330) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;
- 331) жер қойнауы кеңістігін геологиялық зерделеу және пайдалану үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;
- 332) пайдалы қатты қазбалар ресурстарын бағалау туралы есепте "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабына сәйкес бұрын бекітілген өнеркәсіптік санаттар қорларының жиырма бес пайызынан астамына ресурстарды азайтудың негізділігін растау;
- 333) мәлімделген жер қойнауы участкесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқтығын немесе перспективаларын растайтын геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптамасының қорытындыларын беру;
- 334) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының елді мекендерді, өнеркәсіптік кешендерді және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалау және салу кезінде алдағы құрылымдардың участкесінде астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың болмауы немесе олардың маңыздылығы туралы оң қорытындысын келісу;
- 335) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының пайдалы қазбалар жатқан аумақтарды салуға рұқсаттарын келісу;
- 336) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді үйімдастыру және жүргізу;
- 337) геологиялық зерттеу, сондай-ақ жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 338) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 339) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерінің мемлекеттік есепке алуды үйімдастыру және жүргізу;
- 340) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;
- 341) өздігінен ағып жататын гидрогеологиялық және апаттық ұнғымаларды жою мен консервациялауды жүзеге асыру;
- 342) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;
- 343) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімін жүргізу;
- 344) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы оны ашып көрсету;
- 345) жер қойнауын пайдалануышының геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін сынамалар түрінде иеліктен шығаруға және (немесе) олардың сынамаларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуіне рұқсат беру;

346) ұнғымадан көмірсүтектердің ағымын алуды құжатпен растау арқылы, оның ішінде қабатты сынағышпен сынамалау жүргізген кезде және (немесе) мұнай-газдың мол болуына коллектор-жынысты зертханалық зерттеу кезінде жана кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) ашылуын табуды растау;

347) жер қойнауын геологиялық зерттеуге берілген лицензиялар бойынша жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобаларына өзгерістерді келісу;

348) жерасты сулары участеклері қорларының мемлекеттік сараптамасын үйымдастыру және жүргізу;

349) жеке және заңды тұлғалар жүргізетін су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу;

350) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуды, реконструкциялауды (кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, қайта бейіндеуді), пайдалануды, консервациялауды, жоюды (кейіннен кәдеге жаратуды) келісу;

351) жер қойнауын пайдалануышының балансына ұнғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

352) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру қағидаларын айқындау;

353) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша пайдалы қатты (кең таралған) қазбалардың минералдануын (көрінуін) растау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

354) геологиялық және тау-кендік бөлулерді беру және қайта ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

355) кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарды сыныптау әдістемесін, пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсүтектерге жатқызылатын қорларын есептеу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;

356) құзыретті органмен бірлесіп ашық қолжетімділікте жариялануға жататын, мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына енгізілген жер қойнауы участеклері жөніндегі мәліметтердің тізбесі мен құрамын бекіту;

357) пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі өніраалық комиссиялар туралы ережені әзірлеу және бекіту;

358) кен орындарын игерудің техникалық жобаларын әзірлеу және бекіту;

358-1) қатты пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі ысырапты есепке алу бөлігінде кен орындарын игерудің техникалық жобаларын бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

359) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

360) тарихи шығындардың мөлшерін, геологиялық ақпараттың құны мен оны алу шарттарын айқындау;

361) өздігінен ағып жататын иесіз гидрологиялық және апаттық мұнай-газ үнғымаларын жоюды және консервациялауды жүзеге асыру;

362) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөнінде комиссия құру;

362-1) жер қойнауын пайдаланушыны, қатты пайдалы қазбалардың ресурстарын және (немесе) қорларын бағалау туралы есепті дайындаған және тексерген құзыретті тұлғаларды тыңдау қағидаралын әзірлеу және бекіту;

362-2) қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау жөніндегі ең тәменгі талаптарды әзірлеу және бекіту;

362-3) пайдалы қазбаларды мемлекеттік есепке алуға негізгі және олармен тұтасып жатқан пайдалы қазбалардың саны мен сапасы туралы мәліметтерді енгізу қағидаралын әзірлеу;

363) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру қағидаралын бекіту;

364) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

365) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық ету;

366) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

367) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

368) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі мен оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты хабардар ету, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;

369) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылықта тарту;

370) құрылыш-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын әзірлеу және бекіту;

371) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын әзірлеу және бекіту;

372) "бір терезе" қағидаты бойынша құрылым жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларды өзірлеу және бекіту;

373) сәулет, қала құрылымы, құрылым, құрылым индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

374) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының жобасын өзірлеуді қамтамасыз ету;

375) аумақты дамытудың өніраалық схемаларын өзірлеу, келісу және бекіту;

376) аумақты дамытудың өніраалық схемаларын өзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын өзірлеу және бекіту;

377) елді мекендердің шекарасы (шектері) жобаларының құрамын, мазмұнын және оларды өзірлеу тәртібін айқындау;

378) республикалық маңызы бар қаланың, сондай-ақ халқының саны жұз мың тұрғыннан асатын өзге де қалалар шекараларының (шектерінің) жобаларын келісу;

379) шағын елді мекендерді дамыту мен оған құрылым салу схемаларының құрамын, мазмұнын, өзірлеу мен келісу тәртібін айқындау;

380) жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын өзірлеу тәртібін, оның міндетті құрамы мен мазмұнын белгілеу;

381) кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі шешімдерді қабылдау қағидаларын, сондай-ақ жиналыс хаттамаларының үлгілік нысандарын өзірлеу және бекіту;

382) елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағын суларды қабылдау қағидаларын өзірлеу және бекіту;

383) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілерін адрестеу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

384) сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және кешенді ведомстводан тыс сараптамаға және қала құрылымы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын өзірлеу және бекіту;

385) қала құрылымы және құрылым жобалары (техникалық-экономикалық негіздеме және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

386) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

387) қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық

негізdemелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

388) бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негізdemелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту тәртібін айқындау;

389) ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылышын регламенттеуді талап ететін жекелеген объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен өзірлеу мен келісудің жеке-дара жоспарларын бекіту;

390) лицензияланатын сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметін жүзеге асыруға қойылатын бірынғай біліктілік талаптарын өзірлеу және бекіту;

391) тапсырыс берушінің (құрылыш салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларын өзірлеу және бекіту;

392) сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі субъектілерінің, сондай-ақ мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның қызметін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз ету;

393) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дереккорына енгізу үшін ақпарат және (немесе) мәліметтер беру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру;

394) жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дереккорында тіркеу қағидаларын өзірлеу және бекіту;

395) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан республикалық маңызы бар қалалар мен астананың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылышын жоспарлау қағидаларын келісу;

396) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сүмен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау тәртібін өзірлеу және бекіту;

397) тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

398) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді барабар бөлу әдістемесін өзірлеу және бекіту;

399) мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін өзірлеу және бекіту;

400) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін

күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

401) тұрғын үй инспекциясы туралы ұлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

402) басқаратын көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі болып табылмайтын көппәтерлі тұрғын үйді басқарушыға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

403) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы шарттарды, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

404) тұрғын үй құрылышына үлестік қатысуды ұйымдастыру тәсілдерін өзгерту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

405) тұрғын үй құрылышына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

406) үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

407) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

408) тұрғын үй қорын басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуді әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

409) тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

410) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынатын тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

411) тұрғын үй көмегін беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

412) тұрғын үй инспекциясының көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиум объектісін басқару үшін уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

413) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою тәртібін айқындау;

414) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және оны пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

